


Д. Д. Есимова, Г. О. Конакова

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМ



Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Д. Д. Есимова, Г. О. Конакова

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМ

Оқу құралы

Павлодар
Кереку
2016

ӘОЖ 338.48 (075.8)
КБЖ 65.433я73

Е80

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Ғылыми кеңесмен баспаға ұсынылды

Пікірарапшылар:

Ш. М. Жұмадина – биология ғылымдарының докторы, профессор;

Б. З. Жумадилов – биология ғылымдарының кандидаты, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының доценті;

Л. Т. Булекбаева – биология ғылымдарының кандидаты, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының доценті.

Есимова Д. Д.

Е80 Экологиялық туризм пәні бойынша : оқу құралы / Д. Д. Есимова, Г. О. Конакова. – Павлодар : Керек, 2016. – 89 б.

ISBN 978-601-238-625-7

5В090200 – Туризм мамандығының студенттеріне арналған оқу құралы «Экологиялық туризм» пәні бойынша студенттерге көмекші құрал ретінде пайдалануға арналған. Оқу құралында экологиялық туризмнің түрлері мен ерекшеліктері, туристік бизнестегі құқықтық-нормативті құжаттар және ерекше қорғалатын табиғи территориялар мен Қазақстандағы экологиялық туризмнің жай-күйі жайлы баяндалған. Тест тапсырмалары мен глоссарий берілген.

ӘОЖ 338.48 (075.8)
КБЖ 65.433я73

© Есимова Д. Д., Конакова Г. О., 2016
© С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2016

ISBN 978-601-238-625-7

Материалдың дұрыс болуына, грамматикалық және орфографиялық қателерге авторлар мен құрастырушылар жауапты

Кіріспе

Туризм, өзінің бағыттарымен, соңғы жылдары әлемнің көптеген мемлекеттерінің шаруашылығының негізгі саласына яғни «пайда көзіне» айналды. Ал бағыттарының ішінде өзін айқын көрсетіп, маңыздылығы жағынан алдыңғы қатарда тұрған ерекше түрі – экологиялық туризм.

Экологиялық туризмнің пайда болу себептері көп, бірақ ең бастылары ол әлемнің жалпы экологиялық жағдайының күннен күнге нашарлауы яғни бүлінуі және техникалық прогресс пен урбанизациядан шаршаған адам баласының табиғатқа, яғни таза ауамен демалып денсаулығын жақсартуға бағытталады.

Туризмнің бұл түрінің пайда болуының басты ерекшелігі, ол осы экологиялық туризмнің тұрақты даму концепциясының арқасында әлемдегі табиғи ортаны қорғауға кететін шығын мөлшерінің бірнеше есе азаяды. Жер шарындағы экологиялық жағдайдың күрт нашарлауы мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар экологиялық орталықтар, туристік фирмалар қоғамға қоршаған ортаға зиян келтіруіне төтеп беру жолдарын ізейді. Сонымен қатар жануарлар әлемін қорғау проблемасы туындайды. Осы проблемалардың шешу жолдарын біріктіретін экологиялық туризм болды.

Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) 2002 жылды Халықаралық экотуризм жылы деп жариялады. Сол жылы мамыр айында Квебек провинциясында (Канада) Дүниежүзілік экотуризм саммиті өтті. Осы саммитке дайындық барысында Дүниежүзілік туристік ұйым (ДТҰ) тәжірибе алмасу мақсатында аймақтық конференциялар мен семинарлар өткізу инициативасын ұсынды. Соған байланысты Алматы қаласында (Қазақстан) «Экотуризм – ХХІ ғасырдағы ТМД, Қытай және Монғолия елдерінің өтпелі экономикаларының тұрақты даму құралы» атты, 2001 жылы қазан айында, семинары өтті.

Бүгінгі таңда Қазақстанда экологиялық туризмнің дамуы үшін жаңа құрылып келе жатқан нарық деп қарастыруға болады.

Биологиялық және геологиялық өртүрлілік, халықтың минималды тығыздығы, бай тарихи және мәдени мұра республиканың өте зор экотуристік потенциалын айқындайды.